

**«Су ресурстары-Маркетинг» ЖШС-і бойынша тарифтерге (бағаларға, ставкаларға, алымдарға ) түсіруші коэффициентті ұсыну туралы ақпарат**

«Су ресурстары-Маркетинг» ЖШС-і 2016 жылғы есептік кезеңге сумен жабдықтау және су бұру қызметтерінің тарифтеріне түсіруші коэффициент қолданғанын хабарлайды. 2016-2021 жж. орта мерзімді кезеңге ҚР ұлттық экономика Министрлігі табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау Комитетінің ОҚО бойынша Департаментінің 2016 жылдың 16 маусымдағы № 179-ОД бұйрығымен 01.07.2016 жылдан 01.07.2017 жылға дейін тұтынушылардың 1 тобы – тұрғындар мен жылумен жабдықтаушы кәсіпорындар үшін өтемақысымен тарифтер бекітілген. 01.07.2016 ж -2017 ж кезеңіне өтемақы 765,5 мың теңге сомасында бекітілген және 2015 жылға Инвестициялық бағдарлама бойынша бекітілген кейбір жұмыс түрлері орындалмағанына байланысты енгізілген. Өз қызметін « Су ресурстары-Маркетинг» ЖШС-і ҚР ұлттық экономика Министрлігі табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау Комитетінің ОҚО бойынша Департаментінің бұйрығына №1 қосымшаға сәйкес бекітілген преysкуранттар бойынша іске асыратын.

«Су ресурстары-Маркетинг» ЖШС-і нарықта 18 жыл бойы жұмыс ісіеп келеді және Шымкент қаласының мен жақын орналасқан аудандардың 1000,0 мыға жуық тұрғындарын ауыз сумен қамтамасыз етіп отыр. Кәсіпорын тәулік бойы қалаға таза ауыз суды береді. Су МемСТ 2874-82 « Ауыз су. Ауыз суының сапасын бақылау және гигиеналық талаптар.» талаптарына сай келеді.

01.01.2016 ж.бастап тұтынушылар топтары бойынша сумен жабдықтау және су бұру қызметтеріне дифференциялық тарифтер 2016 жылдың 1 жарты жылдығына қолданды. Тарифтердің преysкуранты ҚР ұлттық экономика Министрлігі табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау Комитетінің ОҚО бойынша Департаментінің 2015-2019 жж. орта мерзімді кезеңге № 18-ОД 2014 жылдың 25 қарашасындағы бұйрығымен бекітілген. 01.07.2016 жылдан бастап 2016 ж. 2 жарты жылдығына сумен жабдықтау және су бұру қызметтеріне тұтынушылар топтары бойынша жаңа дифференциалды тарифтер енгізілді.Тарифтер преysкуранты ҚР ұлттық экономика Минимстрлігі табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау Комитетінің ОҚО бойынша Департаментінің 2016-2021 орта мерзімді кезеңіне № 179-ОД 2016 жылдың 16 маусымындағы бұйрығымен бекітілген.

**Бас директор**

**М.А.Урманов**

**Бас директордың экономика және маркетинг жөніндегі орынбасары**

**Ж.Ү.Тұрдалиев**

**Бас директордың орынбасары-Бас бухгалтер**

**Л.Б.Алиева**

**БЖ және ЭБ бастығы**

**О.Оңланов**

